

**2008 жылғы 1 шілдедегі  
сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы**

**Сақтандыру сыйлықақылары**


2008 жылғы екі тоқсанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен тура сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі өткен жылдың осындай кезеңдегі жиналған көлемнен 14,5%-ға көп болып, 76 679,5 млн. теңге болды.

**Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі**

*млн.теңге*

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	1.07.2007ж.		1.07.2008ж.		01.07.2007 ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі %-бен	Сомасы	үлесі %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	66 983,4	100,0	76 679,5	100,0	14,5%
Міндетті сақтандыру	7 294,4	10,9	12 154,9	15,9	66,6%
Ерікті жеке сақтандыру	7 858,5	11,7	10 622,7	13,8	35,2%
Ерікті мүліктік сақтандыру	51 830,5	77,4	53 901,9	70,3	4,0%

Кестені қарағанда міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 66,6%-ға өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю - 35,2%-ды, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша ұлғаю – 4,0%-ды құрады.



2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандырудағы** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 66,1% (8 036,7 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 21,1% (2 564,9 млн. теңге) - қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 2,9% (356,6 млн. теңге) - қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен және басқалар – 9,9%.

**ерікті жеке сақтандырудағы** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 23,0% (2 439,0 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түсімдер болды, 51,1% (5 432,6 млн. теңге) – аурулардан сақтандыру бойынша, 9,1% (963,6 млн. теңге) – өмірді сақтандыру бойынша, 16,8% (1 786,5 млн. теңге) – аннуитеттік сақтандыру бойынша болды.

**ерікті мүліктік сақтандырудағы** – 25,1% (13 531,8 млн. теңге) - басқа қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша, 35,1% (18 934,4 млн. теңге) – мүлікті сақтандыру

бойынша (автомобиль, әуе, темір жол, су көлігін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда), 23,8% (12 807,5 млн. теңге) – азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль, әуе және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін қоспағанда) және басқалар - 16,0%.


Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	1.07.2007ж.		1.07.2008ж.		01.07.2007 ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Барлығы сақтандыру салалары бойынша	66 983,4	100,0	76 679,5	100,0	14,5%
Өмірді сақтандыру	2 303,9	3,4	2 750,1	3,6	19,4%
Жалпы сақтандыру	64 679,5	96,6	73 929,4	96,4	14,3%

**"Өмірді сақтандыру" саласы.** 2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2 750,1 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 19,4%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есепті кезеңде 2007 жылғы 1 шілдедегі 3,4%-ға қарсы 3,6% болды.


**"Жалпы сақтандыру" саласы.** "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2008 жылғы қаңтар-маусымда жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 73 929,4 млн. теңге болды, бұл 2007 жылғы осындай кезеңге қарағанда 14,3%-ға көп.

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуінің құрамы



□ өмірді сақтандыру ■ аннуитеттік сақтандыру

"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының түсуінің құрамы



### Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 40 686,9 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 53,1%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 45,8%-ы берілді.


Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 13 333,0 млн. теңге болды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 7 932,5 млн. теңге болды.



жауапкершілігін сақтандыру бойынша, 3,2% (120,7 млн. теңге) - өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша және басқалар - 3,4% болды.

**ерікті жеке сақтандыруда** – 76,4% (2 882,7 млн. теңге) - аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша төлемдер 11,1% (418,6 млн. теңге) болды, 8,8% (331,8 млн. теңге) – аннуитеттік сақтандыру бойынша, 3,7% (137,7 млн. теңге) – өмірді сақтандыру бойынша болды.

**ерікті мүліктік сақтандыруда** – 89,4% (21 214,8 млн. теңге) - басқа қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша; 5,2% (1 235,7 млн. теңге) – автомобиль көлігін сақтандыру бойынша; 1,2% (293,6 млн. теңге) – мүлікті сақтандыру бойынша (автокөлік, әуе, темір жол, су көлігін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда), басқалар – 4,2% болды.



2008 жылдың алты айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасынан сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі басқа қаржылық шығындардан сақтандыруға тиісті, төлемдердің жиынтық сомасының 68,0% -ы болды.

### Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 44 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 8 - өмірді сақтандыру бойынша), 12 сақтандыру брокері және 49 актуарий лицензиялық қызметті жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	1.07.2007ж.	1.07.2008ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде	41	44
өмірді сақтандыру бойынша	6	8
Сақтандыру брокерлерінің саны	12	12
Актуарийлер саны	38	49

Есепті күнге 32 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылды.

**Капитал.** 2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 160,3 млрд. теңге болды.

млн. теңге

Қаржылық көрсеткіштер	1.07.2007ж.		1.07.2008ж.		1.07.2007ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Жиынтық активтер	158 480,6	3,8	285 954,8	1,8	80,4%
Міндеттемелер	61 024,2	29,6	125 624,0	28,2	2,1 есе
оның ішінде сақтандыру резервтері	50 646,9	44,4	105 638,5	29,3	2,1 есе
басқа міндеттемелер	10 377,3	7,8	19 985,5	10,4	92,6%
Меншікті капитал (баланс бойынша)	97 456,4	7,6	160 330,8	8,0	64,5%

**Активтер.** Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2008 жылғы 1 шілдеде 285 954,8 млн. теңге болды, бұл 2007 жылғы 1 шілдедегі осындай көрсеткіштен 80,4%-ға көп, оның ішінде:


млн. теңге

Активтер	1.07.2007ж.		1.07.2008ж.		1.07.2007 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	үлесі, %	Сомасы	үлесі, %	
Ақша	6 072,9	3,8	5 289,0	1,8	-12,9%
Орналастырылған салымдар	46 965,9	29,6	80 774,1	28,2	72,0%
Бағалы қағаздар	70 353,1	44,4	83 823,8	29,3	19,1%
«кері РЕПО» операциясы	12 355,2	7,8	29 601,6	10,4	в 2,4 раза
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	11 967,4	7,6	22 930,6	8,0	91,6%
Негізгі қаражат	3 774,7	2,4	4 466,6	1,6	18,3%
Қайта сақтандыру активтері	-	-	47 030,1	16,5	-
Басқа дебиторлық берешек	3 661,5	2,3	7 455,1	2,6	в 2,0 раза
Басқа активтер	2 966,3	1,9	4 583,9	1,6	54,5%
Активтердің жиынтығы	158 480,6	100,0	285 954,8	100,0	80,4%

**Міндеттемелер.** 2008 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен жылдағы осындай күнмен салыстырғанда 2,1 есе көп болып 125 624,0 млн. теңге болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің көлемі 105 638,5 млн. теңге болды, бұл 2007 жылғы 1 шілдеде қалыптасқан резервтер көлемінен 2,1 есе артық.


**Активтерді, меншікті капиталды және сақтандыру резервтерінің динамикасы**  
млрд. тенге




*млн. тенге*

Инвестициялық портфель	1.07.2007ж.		1.07.2008ж.		1.07.2007 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	доля, %	Сомасы	доля, %	
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары	17 017	13,30	14 537	7,49	-14,6%
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	46 695	36,50	80 774	41,60	73,0%
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0	0	32	0,01	-
Шетел инвестициялық қорлардың пайлары	32	0,03	1	0	-96,9%
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	49 824	38,94	66 453	34,23	33,4%
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	1 181	0,92	2 725	1,40	2,3 есе
ҚР резидент емес эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	838	0,65	44	0,02	-94,7%
«Кері РЕПО» операциялары	12 355	9,66	29 602	15,25	2,4 есе
<b>Жиынтығы</b>	<b>127 942</b>	<b>100,0</b>	<b>194 168</b>	<b>100,0</b>	<b>51,8%</b>

1.07.2007ж. жағдай бойынша инвестициялық портфельдің құрылымы (%)



1.07.2008ж. жағдай бойынша инвестициялық портфельдің құрылымы (%)



Сақтандыру ұйымдарының инвестициялық портфельінің құрылымында ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар үлесі 38,9%-дан 34,2%-ға дейін кеміді, екінші деңгейдегі банктердегі салымдар үлесі 36,5%-дан 41,6%-ға өсті, ҚР мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 13,3%-дан 7,5%-ға дейін кеміді, ал шетелдік мемлекеттердің бағалы қағаздарының үлесі 0,9%-дан 1,4%-ға дейін өсті.

### Сақтандыру рыногының шоғырлануы

Қаралған кезеңде сақтандыру сыйлықақылары және сақтандыру төлемдері бойынша сақтандыру рыногының шоғырлану деңгейінің өскені байқалады. 5 бірінші сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының 51,4% және сақтандыру төлемдерінің 66,8% келеді.

Сақтандыру рыногы жиынтық активтеріндегі бес ірі сақтандыру компаниясының үлесі 55,7%-ды құрайды.

Сақтандыру рыногының жиынтық көрсеткіштерінен үлес, %	1.07.07	1.07.08
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	54,4	51,4
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	78,6	70,7
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	73,6	66,8
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	85,9	83,8
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	49,2	55,7
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы	53,7	57,7

### Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	1.07.2007ж.	1.07.2008ж.
<b>ЖІӨ, млрд. теңге</b>	12 464 <sup>1</sup>	15 046,7 <sup>2</sup>
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,54 <sup>3</sup>	0,51
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,78	1,07
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,27	1,90
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен <sup>4</sup>	4 378	4 938

<sup>1</sup> Статистика агенттігінің 2006 жылғы деректері бойынша

<sup>2</sup> 2008 жылға Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің болжамдық деректері

<sup>3</sup> - 2007 жылғы қаңтар-маусым айына қабылданған сақтандыру сыйлықақылары

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

---

<sup>4</sup> - Статистика агенттігінің деректері бойынша ҚР халқы – 15 527 649 млн. адам.